



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

компьютерлік қиянаткерлердің құрбандары онлайн аукциондардың қатысушылары болып табылады - алдын ала төлем арқылы, қандай да бір тауарды өте төмен бағамен сату ұсыныстарына пайдаланушы қызығушылық білдіргенде. Интернеттің қауіпсіздігі дара абыржулықты танытады. Желіде қауіпсіздік мәселесіне аса назар аударудың қажеттілігі шын өмірдің виртуалды өмірмен баяғыда теңескенінен туындайды. Компьютер туғызатын келеңсіз жағдайлар, шын өмірдегі жағдайлар секілді: вирустар, ұрлық және тонау, дерекілік және қуғындау, күштеп алушылық және қатер, этикалық емес және жабысқақ жарнама, терроризм мен экстремизм. Хакерлермен ұрланған ақша баяғыдан миллиардтармен есептеледі, және де кейбір вирустарға көптеген айлар мерзімінде қарсы тұру шаралары табылмайды. Барлық дәрежелер мен құйындардың «жындылары» өз кездесулерін Желі арқылы белгілейді, сонда «акциялар» туралы бұйрықтар беріп және олардың орындалуы туралы есептеледі (кезекті ұрылған «бөгде адамнан» жарылған үйге дейін). Осымен, ақпарат пен ойын-сауықтың мінсіз қайнары болып табылатын Ғаламдық желі әрқайсымызға мәселенің мінсіз қайнары болуы мүмкін. Хакерлермен шабуылданатын компьютерлердің 86% – үйдегі; спам әлемдегі электрондық поштаның бақыланатын трафигінің 54% , ал Ресейде – 82% трафикті құрайды; 2012 жылдың маусымына фишингтік хаттамалардың саны (желілік қиянаткерлікпен байланысты) 81% құрады; зиянды вирустардың зарарсыздандыру түрлерінің 18% - жаңа; 4,2 млн. сайттар – порнографиялық; блоггерлердің 55% өздерінің Интернет-күнделіктерін шын өмірдегі келеңсіз оқиғалардан қауіптеніп жалған атпен жазады. Ғаламдық тордан шығатын ақпараттық қоқымның ағыны балалардың осал жері болып табылады. Зерттеулер балалардың 90% Интернетте порнографиямен соқтығатынын, ал 65% оны мақсаттанып іздейтінін көрсетті. Мұндай «құлпынайға» қызығушылық кәмелетке толмаған пайдаланушылардың 44% Желіде бір рет болса да әңгі емінсектікке ұшырауына әкеліп соқтырды. Мұндай мәліметтер балалардың жартысы ата-аналары немесе мұғалімдерінің бақылауынсыз Интернетке шығатынына таңдандырмайды. Онымен қоса, сұраулар көбісіміздің Интернетте «виртуалды достарымызға» өзіміздің жеке мәліметтерімізді жайып салатынымызды көрсетеді (ата-аналарымыздың төлем карточкаларының пин-кодтарына дейін) [5].

Компьютерлік қылмысқа қарсы тұру мәселесі – бұл кешендік мәселе. Бүгін заңдар технологиялар дамуының қазіргі заманғы деңгейіне сәйкес талаптарға сай болуы қажет. Осы мақсатпен телекоммуникациялық желілерде ақпаратты таратуды реттейтін заңнаманы жетілдіру бойынша мақсатты бағытталған жұмыс өткізілуі тиіс. Құқыққорғаушы органдардың, арнайы қызметтердің, соттық жүйенің күштерінің өзара әрекеттесуін және шоғырландыруды, оларды қажетті материалды-техникалық базамен қамтамасыз ету алдыңғы қатарлы бағыттардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Саяси құқықтық концепия 2010-2020 Астана 2009 ж
2. Ю.М. Батурин, А.М. Жодзинский «Компьютерная преступность и компьютерная безопасность». Москва, 1991 г – 324 б.
3. Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы президенттің заң күші бар жарлығы

УДК 343.2/.7(571)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫ

Қуанышев Айбек Саматұлы

aibek.k_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 2-курс студенті

Кәмелетке толмағандар жасайтын заңды бұзушылықтардың ішінде қоғамға қауіптілігі жоғарысы – қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылады. ҚР қылмыстық кодексінің 80-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады [1] .

Қазіргі таңда елімізде жастардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауы белең алып отыр. Олардың ішінде кәмелетке толмағандардың үлесі жоғары. Практикада бірнеше рет қылмыстық құқық бұзушылық жасаған қылмыскерлердің 2/3-сі алғаш қылмыстық құқық бұзушылықтарын кәмелет жасына жетпей тұрып жасаған. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы мәселесі қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Айта кететін жайт, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігін 16-17 жасқа толғандар жасайды, бірақ 14-15 жастағылар жасаған жағдайлар да практикада кездеседі.

Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына суық және оқ ататын қаруларды қолдану, бөтеннің мүлкін жымқыру, тонаулар, адам денсаулығына орташа және ауыр зиян келтірулер кіреді. Кәмелетке толмағандардың арасында көбінесе орын алатын жағдайлардың тағы біреуі, ол – бірігіп, сыбайласып, қылмыстық топ құрамында қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау. Осы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері қолданыстағы ҚР қылмыстық кодексінің 81-бабында белгіленген. Олар:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру [1] .

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының негізгі себептерінің бірі олардың дұрыс тәрбие алмауы мен қоршаған ортасының олардың мінез-құлық ерекшеліктеріне мән бермеуі деуге болады. Себебі, кәмелетке толмаған адам жасаған құқық бұзушылықтардың көпшілігі қоғам тарапынан кәмелетке толмағанның көпті көрмегендігі, өз әрекетіне есеп бере алмауынан жасады деп тануы оның бұл әрекетін елемегенмен тең болып келеді. Мұндай әрекеттер қатарына кішігірім ұрлық, жасөспірімдер арасындағы бұзақылық, жасы кішкентайлардың ақшасын тартып алу сияқты әрекеттерді жатқызуға болады. Бұл құқық бұзушылықтар жасалса да, оларға тиісті мөлшерде мән берілмегендіктен құқық қорғау органдарына бұл құқық бұзушылықтар жайлы хабарланбайды, соның салдарынан кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарының латенттігі ұлғаяды.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауына басқа да әсер етуші факторлар бар. Олар: а) отбасының кері (негативті) әсері; ә) күнделікті өмірдегі, оқу үрдісіндегі қоршаған ортасының кері (негативті) әсері; б) жасы үлкен қылмыскерлердің қылмыстық құқық бұзушылық жасауға итермелеуі, тартуы, азғындауы; в) кәмелетке толмағандардың мектепке бармауы; г) кәмелетке толмағандардың бақылаусыз қалуы; ғ) оқу-тәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігі немесе дәрменсіздігі; д) жұмысқа орналастыру мен тәрбиелеудегі кемшіліктер; е) бос уақытын өткізуді ұйымдастырудағы кемшіліктер.

Кәмелетке толмаған қылмыскерлердің оларды тәрбиелеуге әлеуеті жетпейтін немесе оларға кері әсерін тигізетін не өз балаларының тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлмейтін жанұяларда өсуі – кәмелетке толмаған баланың болашақта қылмыстық құқық бұзушылық жасауының алғышарты. Осыған орай ҚР қылмыстық кодексінің 140-бабында көрсетілген әрекеттер үшін, яғни кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықты күшейтіп, осы қылмыстық-құқықтық құралдың қолданылуын қатаң қадағалау қажет [1] . Тәжірибе көрсетіп отырғандай кәмелетке толмағандар көп жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылықтарды

қоғам, ата-анасы тарапынан көрсетілетін қысымға жауап ретінде жасайды. Бұл орайда барлық құқықтық құралдар мен әдістерді қолдана отырып балалар мен жасөспірімдерге бағытталған зорлыққа қарсы күресті нығайту керек. Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына әкеліп соғатын бұл жағдай мен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тартуды бір-бірінен айыра білген жөн. Себебі бірінші жағдайда жасы үлкен адам тарапынан зорлық-зомбылық, қысым көрген соң кәмелетке толмағандар сол қысымға жауап ретінде өзі, ешкімнің азғындауынсыз құқық бұзушылық жасайды, ал екінші жағдай заң шығарушы ҚР қылмыстық кодексінің 132-бабында белгілеген әрекеттерді жасаған кезде жүзеге асырылды деп саналады, яғни жасы үлкен тарапынан кәмелетке толмағанды қылмыс жасауға көндіру, қорқыту, ақша беру арқылы тарту, алдау, кек алу, қызғаныш сезімін ұштау, қылмыс жасауға ұсыныс жасау, қылмыс жасау, іздерін жасыру туралы түрлі кеңестер беру арқылы жасалған әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту деп танылады [2].

Кәмелетке толмағандар көбінесе қылмыстық «романтиканы» таза күйінде көреді, яғни олар қылмыстың әкелетін зардаптарын білмейді, болжай алмайды. Қылмыс олар үшін көп жағдайларда өз мықтылығын, жігерлігін көрсету актісі ретінде танылады. Бұл актіні орындай отырып олар өздерін достары, таныс қыздары көзінше мықты, ересек, «нағыз еркек» ретінде көрсетуге ұмтылады [3]. Бұл үлкен зардаптар әкелетін қате ойлардың бірі, себебі бір рет мұндай әрекет жасай отырып олар онша мықты дәрежеге көтерілмейді, одан бетер мықтылықты көрсету үшін бұл әрекетті немесе бұл әрекетке ұқсас, дәрежелес басқа да құқық бұзушылық жасауы керек болады. Кәмелетке толмағандардың басым көпшілігінде антиқоғамдық әрекеттер жасауға деген әдеттер, стереотиптер қалыптасқан. Мысалы, олар әрдайым жалпыға бірдей нормаларға бағынбайтындығын көрсетуге ұмтылады, алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарын қабылдауға, қаңғыбастық өмірге, яғни үйден, тәрбие беру ғимараттарынан ұзақ уақытқа қашып кетуге жақын болады. Өз қарым-қатынас жүргізетін ортасында кәмелетке толмағандар сабақты жақсы оқитындарды, өздерін сыпайы, әдепті, тәртіпті ұстайтындарды, үлкенді сыйлайтындарды жек көре отырып, оларды сол ортадан шығарып салуға барынша қимыл жасайды. Бұл да олардың өздері сияқты қағидаларды ұстанатын немесе жасы шамалас қыз балалардың алдында өз дәрежесін көтеру әрекеті [4].

Кәмелетке толмаған қылмыскерлер контингенті мектепті тастап кеткен және екінші жылға қалғандар есебінен толығып отыр. Көрсетілген жағдайлар отбасындағы қадағалаудың жоқтығынан болатын зардаптарға шамалас залал келтіреді, яғни әлеуметтік байланыс әлсірейді, үзіледі, кері әсер етушілермен танысу қаупі ұлғаяды.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылық жасауымен күрес балалар мен жасөспірімдердің әр түрлі контингенттеріне қатысты түрлі деңгейлер мен бағыттарда ұйымдастырылады және жүргізіледі. Бұл күресті оның жалпы тәрбиелік және профилактикалық диапазонымен сипаттауға болады [5]. Осы шаралар кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы әрекетінің алдын алуға, олардың қылмыстық әрекеттеріне жол бермеуге, қылмыстың қайталануының алдын алуға бағытталған. Күрестің басты бағыты: отбасылық, мектептегі тәрбиелеудің кемшіліктерін жоюға мақсатты бағытталған жұмысты ұйымдастыру және де қылмыстарға қарсы күрес жүргізуші органдардың қызметінің тиімділігін жоғарылату [6].

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқына профилактика жасаудағы маңызды мәселелерге тоқталсақ. Олар: нормативтік базаны, профилактиканың субъектілерінің координациясы мен өзара сөз байласып, бірігіп қызмет етуін жетілдіру, жоғары деңгейге көтеру; олардың арасындағы функцияларды тең, әрі дұрыс анықтай отырып бөлу; кадрлармен қамтамасыз ету; қылмыскерлермен күресті жүргізетін орган қызметкерлерін криминологиялық және психикалық-педагогикалық дайындықтан өткізу. Осы күрес барысында өткізілетін шаралармен қатар кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының алды-алуда маңызды орын алады:

- 1) Кәмелетке толмаған адамның қоршаған ортасын жақсарту мен кәмелетке толмағанға жеке көмек көрсету;

2) Қылмыстық жолға түсіп кету қаупі жайлы ескерту және құқық бұзушылық жасаған адамдардың түзелуін қамтамасыз ету;

3) Құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған адамдардың түзелуіне арналған жағдайлар қалыптастыру [7].

Мұнымен қоса, зерттеулер көрсеткендей қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмаған адамдарда жүйкелік-психикалық ауытқулар олардың заңды бұзбай, оған бағынатын құрдастарына қарағанда жиі болады. Кәмелетке толмағандардың масаңдылығымен күрес жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді қолданудағы кемшіліктердің болуы кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күресті жүргізуге кедергі жасайды. Мысалы, кәмелет жасына толмағандарға алкогольдік ішімдіктер сатуға тыйым салу жайлы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодексінің 159-бабының 14-тармағының 1-тармақшасында, «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» ҚР заңының 9-бабының 4-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген, ал сатқаны үшін қолданылатын жаза түрі «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» ҚР кодексінің 200-бабының 1-тармағында белгіленген, бірақ әрбір жеке тұлға, жеке кәсіпкер, заңды тұлға өз саудасын жүргізу аясында бұл құқықтық актілерді қатаң сақтамайды.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылық жасауының алдын алу үшін жүргізілетін күрестің жүйесі жалпы әлеуметтік сипаттағы, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеудің, олардың өмір сүруінің, мәдениеттілігінің, білімінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың негізінде құралады. Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстылық деңгейі олармен күрестің жағдайы мен отбасы, мектеп, қоғамның кәмелетке толмағандардың өз уақытын қалай өткізуін қадағалау деңгейімен де белгілі бір мөлшерде байланысты.

Біз қарастырып отырған мәселенің, кәмелетке толмағандардың қылмыстылық деңгейін зерттеудің маңыздылығы - олардың, яғни кәмелетке толмағандардың, алдағы уақытта түзелу ықтималдығының төмен болуы салдарынан жасы үлкейген соң қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға жақын болып, рецидивті қылмыстылықтың негізгі резервін құраушы болу мүмкіндігі. Қылмыстылық деңгейін төмендету үшін болашақта қылмыстық жолға түсірмеу мақсатында кәмелетке толмағандардың тәрбиелену мен өмір сүру деңгейінің жақсаруына жағдай жасау қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі
2. «Комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан. Особенная часть» Борчашвили И.Ш. // стр. 317
3. «Преступность среди несовершеннолетних и ее предупреждение» Мальцева Л.В. / 2011 г. // стр. 3
4. Игошев К.Е. «Психология преступных проявлений среди молодежи». М., 2000. Стр. 238
5. «Криминологические проблемы профилактики правонарушений молодежи». - Киев, 2001. 208 с.
6. «Криминология», Кудрявцев В.Н., Эминов В.Е., - М., 2001 г. 512 стр.
7. «Криминологические и уголовно-правовые идеи борьбы с преступностью». - М., 2001. 284 с.

УДК 343.621

ЗАҢСЫЗ ТҮСІК ЖАСАУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Құрманязова Камила Еркиновна